

## Ауыл шаруашылығы өсімдіктері сорттарының белгілері мен қасиеттерінің анықтамалығы туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2021 жылғы 23 қарашадағы № 155 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3 қосымша) 4 және 7-тармақтарына сәйкес және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 17 қарашадағы № 155 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың нормативтік-анықтамалық ақпаратының бірыңғай жүйесі туралы ережені басшылыққа ала отырып, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы шешті:

1. Қоса беріліп отырған Ауыл шаруашылығы өсімдіктері сорттарының белгілері мен қасиеттерінің анықтамалығы (бұдан әрі – анықтамалық) бекітілсін.

2. Анықтамалық Еуразиялық экономикалық одақтың нормативтік-анықтамалық ақпаратының бірыңғай жүйесі ресурстарының құрамына енгізілсін.

3. Мыналар:

анықтамалық осы Шешім күшіне енген күннен бастап қолданылады;  
анықтамалыққа қатысты оператордың функцияларын Еуразиялық экономикалық комиссия атқарады;

анықтамалықтың кодтық белгілерін пайдалану Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде ауыл шаруашылығы өсімдіктері тұқымдарының айналысы саласындағы жалпы процестерді іске асыру кезінде міндетті болып табылады деп белгіленсін.

4. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасының Төрағасы*

*М. Мясникович*

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2021 жылғы 23 қарашадағы  
№ 155 шешімімен  
БЕКІТІЛГЕН

## Ауыл шаруашылығы өсімдіктері сорттарының белгілері мен қасиеттерінің анықтамалығы

### I. Анықтамалықтың егжей-тегжей мәліметтері

Бөлімнің коды	Ауыл шаруашылығы өсімдіктері сорттарының белгісі мәнінің коды	Ауыл шаруашылығы өсімдіктері сорттарының белгісінің атауы
A	Санаттар	

	A01	жай гибрид
	A02	күрделі гибрид
	A03	желі
	A04	ұрпақтық компонент
	A05	үй желілі гибрид
	A06	бірінші буын гибриді
	A07	сұрыпты желілік гибрид
	A08	жай түрлендірілген гибрид
	A09	жай желіаралық гибрид
	A10	үй желілі түрлендірілген гибрид
	A11	қос сызықты гибрид
	A12	қос сызықты модификацияланған гибрид
	A13	төрт желілі гибрид
	A14	бес желілі гибрид
	A15	алты желілі гибрид
	A16	гибридті популяция
	A17	сұрып
	A18	Ацетолактат синтаза ингибиторларына төзімділік
	A19	клон-сұрып
<b>В</b>	Пайдалану бағыттары	
	B01	амилозалы
	B02	хош иісті
	B03	ақ тұқымды
	B04	көгал шөп
	B05	екіжақты
	B06	декоративті
	B07	ұзын дәнді және сапалы
	B08	көгалдарға және жем-шөпке арналған
	B09	десерт шараптарына арналған
	B10	шампан шараптарына арналған
	B11	тұздайтын
	B12	көкшөптік
	B13	астық және сүрлем
	B14	астық
	B15	астық жем-шөп
	B16	кептірілген тағамдарға картоп
	B17	фри картобы
	B18	чипсілерге арналған картоп
	B19	пісірілген картоп, езбе

B20	консервілеу
B21	азықтық
B22	сынғыш
B23	көшеттен басты пияз
B24	көк бас пияз
B25	май және ментол
B26	жұмсақ бидай
B27	жасыл массаға арналған
B28	қызанақ өнімдеріне арналған
B29	төмен пентозанды
B30	көкөністік
B31	жайылымдық
B32	сыра қайнатуға арналған
B33	сыра қайнатуға және сапасы жағынан бағалы
B34	тағамдық
B35	алша, бадам, шабдалы, қара өрікке арналған телітуші
B36	сары өрік, алша, шабдалы, қара өрікке арналған телітуші
B37	өрік, шие өріктері, қара өрікке арналған телітуші
B38	сары өрік, алша, қара өрікке арналған телітуші
B39	сары өрік, қара өрікке арналған телітуші
B40	алша, шабдалы, қара өрікке арналған телітуші
B41	алша, қара өрікке арналған телітуші
B42	шиеге арналған телітуші
B43	шиеге, қара шиеге арналған телітуші
B44	шабдалыға арналған телітуші
B45	өрікке арналған телітуші
B46	телітуші
B47	жартылай қантты
B48	ерте өнім алу
B49	салат
B50	қантты
B51	сидералды
B52	сүрлем
B53	күшті бидай
B54	қаңқалық

	B55	шырындар
	B56	спаржалық
	B57	спирт, крахмал
	B58	асханалық
	B59	асханалық және фри
	B60	асханалық және чипсілер
	B61	сорпа, қуырылған картоп
	B62	техникалық
	B63	эмбебап
	B64	наубайханалық
	B65	тұтас жемісті консервілеу
	B66	сапасы бойынша бағалы
	B67	чипсілер, фри
	B68	дәріхана парағы
	B69	сүт-балауыз
	B70	жергілікті
	B71	сигаралық
	B72	глютинозды
	B73	жармалық
	B74	штамбо- және бөрікбас тұзуші
	B75	тұқымдық телітуші
	B76	клонды телітуші
	B77	кондитерлік
	B78	иіруге арналған
	B79	қостұтқалы
	B80	шарап
C	Тұтыну кезеңдері	
	C01	қысқы
	C02	күзгі
	C03	кеш жазғы
	C04	ерте қыстық
	C05	ерте күздік
	C06	жаздық
	C07	кеш қыстық
	C08	кеш күздік
	C09	ерте жаздық
	C10	жазғы-күзгі
	C11	күзгі-қысқы
	C12	қысқы сақтауға
D	Пісу мерзімі	
	D01	өте ерте (ультра ерте)
	D02	ерте (ерте пісетін)

	D03	орташа (орташа пісетін)
	D04	кеш (кеш пісетін)
	D05	өте кеш
	D06	өте ертеден ерте кезеңге дейін
	D07	орташа ерте
	D08	орташа кеш
	D09	кештен өте кешке дейін
	D10	ремонтантты
E	Өсімдік түрі	
	E01	00 типті (эрукасыз, төмен глюкозинолатты)
	E02	детерминантты, селдіремейтін, жапырақсыз
	E03	өнімді, ерте пісетін (өнімді)
	E04	өнімді, орташа ерте (өнімді, қалыпты)
	E05	жапырақсыз
	E06	жоғары майлы
	E07	жалаңдәнді
	E08	детерминантты, селдіремейтін
	E09	детерминанттар
	E10	ірі жемісті
	E11	қысқа жасушалы
	E12	бұталы
	E13	көп қатарлы, жалаң дәнді
	E14	селдіремейтін
	E15	ащы
	E16	жартылай бас
	E17	ара тозаңдататын
	E18	тәтті
	E19	жұқақабатты
	E20	қабатты гетерофилия
	E21	0 типті (эрукасыз)
	E22	өнімді, қантты, орташа пісетін (қалыпты)
	E23	қант, орташа кеш (қалыпты, қант)
	E24	қантты, кеш пісетін (қантты)
	E25	жоғары майлы, олеині жоғары
	E26	олеині жоғары
	E27	детерминантты, жапырақсыз
	E28	ұзын өрмелі
	E29	индетерминантты

	E30	қауданды
	E31	тамырлы
	E32	жапырақты
	E33	көп қатарлы
	E34	селдіремейтін, жапырақсыз
	E35	партеокарпикалық
	E36	жартылай ащы
	E37	ромэн
	E38	орташа өрмелі
	E39	сағақты
	E40	қосқатарлы
	E41	пенкалы
	E42	диплоидті
	E43	триплоидті
	E44	тетраплоидті
	E45	гексаплоидті
	E46	октоплоидті
	E47	полиплоидті
	E48	өнімді-қантты
	E49	жартылай детерминантты
	E50	черри
	E51	жартылай тәтті
	E52	тозаңдандырушы гибрид
	E53	00 типті (сүйексіз)
	E54	сүйексіз
	E55	өнімді, өте ерте
	E56	өнімді, орташа піскен
	E57	қант, өте кеш
	E58	тұрақты, жапырақсыз
	E59	тұрақты, селдіремейтін
	E60	тұрақты
	E61	тігінен өрмелегіш, көлденең өрмелегіш
F	Өсіру жағдайлары	
	F01	қорғалған топырақ (жабық топырақ)
	F02	біржылдық
	F03	жарық дақылы
	F04	бау-бақша (үй жанындағы бау-бақша өсіру)
	F05	екі шабылатын

	F06	қорғалған топыраққа арналған бау-бақша
	F07	бір шабылатын
	F08	тауарлық өндіріс
	F09	көктемгі-жазғы айналым
	F10	қысқы-көктемгі айналым
	F11	жазғы-күзгі айналым
	F12	ұзартылған айналым
	F13	жылытылмаған жылыжай
	F14	ашық топырақ
	F15	аз көлемді технология
	F16	күздік
	F17	жемдік
	F18	қыстау нысаны
	F19	суару
	F20	құнарлы богара
	F21	қатты богара
	F22	суару және богара
	F23	қысқы жылыжай
	F24	жазғы дақылдар
	F25	қысқа егу
	F26	көктемгі
	F27	көктем және қайталау
	F28	жазғы
	F29	қайталама
	F30	үш шабылатын
G	Нысандары	
	G01	ұршық тәріздес
	G02	куб тәріздес
	G03	қысқа цилиндрлі
	G04	дөңгелек
	G05	кері жұмыртқа тәріздес
	G06	плоская
	G07	көлденең тар эллипс тәріздес
	G08	ромбик тәріздес
	G09	өте алмұрт тәріздес
	G10	қырқылған конус тәріздес
	G11	ұзынша конус тәріздес
	G12	ұзынша цилиндр тәрізді
	G13	цилиндрлі
	G14	кең эллиптикалық
	G15	эллиптикалық

	G16	алмұрт тәріздес
	G17	конус тәріздес
	G18	сопақ
	G19	сопақша дөңгелек
	G20	призма тәріздес
	G21	жалпақ дөңгелек
	G22	көлденең-эллиптикалық
	G23	сүңгі тәріздес
	G24	жүрек тәріздес
	G25	ұзынша-сопақ
	G26	тар көмір
	G27	өркеш тәріздес
	G28	кең жиекті
	G29	жалпақ жұмыртқа тәріздес
	G30	жұмыртқа тәріздес
	G31	сопақша
	G32	ұзынша куб тәріздес
H	Зиянкестерге төзімділігі	
	H01	нематодқа төзімді
	H02	жылтыр картоп нематодына төзімді (R01)
	H03	жылтыр картоп нематодын қабылдағыш (R01)
I	Ауруларға төзімділігі	
	I01	ризоманияға төзімділік
	I02	обырға төзімділік, патотип I
	I03	обырды қабылдағыш, патотип I

## II. Анықтамалық паспорты

Р/с №	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Коды	1037
2	Типі	1 – анықтамалық
3	Атауы	ауыл шаруашылығы өсімдіктері сұрыптарының белгілері мен қасиеттерінің анықтамалығы
4	Аббревиатурасы	СПСС
5	Белгіленімі	ЕС 037 - 2021(ред.1)
6	Анықтамалықты (сыныптауышты) қабылдау (бекіту) туралы актінің деректемелері	Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2021 жылғы 23 қарашадағы № 155 шешімі



7	Анықтамалықты (сыныптауышты) қолданысқа енгізу (қолдануды бастау) күні	2021 жылғы 26 желтоқсан
8	Анықтамалықты (сыныптауышты) қолдануды тоқтату туралы актінің деректемелері	–
9	Анықтамалықты (сыныптауышты) қолданудың аяқталу күні	–
10	Оператор (операторлар)	Еуразиялық экономикалық комиссия
11	Мақсаты	анықтамалық ауыл шаруашылығы өсімдіктері сұрыптарының белгілері мен қасиеттерін жүйелеуге және кодтауға арналған
12	Аннотация (қолдану саласы)	ауыл шаруашылығы өсімдіктері сұрыптарының бірыңғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану кезінде ақпараттық өзара іс-қимылды қамтамасыз ету
13	Негізгі сөздер	ауыл шаруашылығы өсімдіктері сұрыптарының бірыңғай тізілімі, ауыл шаруашылығы өсімдіктері сұрыптарының белгілері мен қасиеттері
14	Еуразиялық экономикалық одақ органдарының өкілеттіктері іске асырылатын сала	агроөнеркәсіптік кешен
15	Халықаралық (мемлекетаралық, өңірлік) сыныптаманы пайдалану	2 – анықтамалықтың халықаралық (мемлекетаралық, өңірлік) аналогтары жоқ
		1 – анықтамалықтың Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде аналогтары бар: Армения Республикасында – Армения Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің " Армения Республикасының аумағында пайдалану және одан әрі көбейту мақсатында тіркелген өсімдіктер сұрыптарының тізілімін бекіту туралы" 2019 жылғы 14 ақпандағы № 28-Л бұйрығымен бекітілген Армения Республикасының аумағында пайдалану және одан әрі көбейту мақсатында тіркелген өсімдіктер сұрыптарының тізілімі Беларусь Республикасында – Беларусь Республикасы Министрлер Кеңесінің "Тұқым шаруашылығын және сұрып

16	Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік анықтамалықтарының (сыныптауыштарының) болуы	<p>сынағын мемлекеттік реттеудің кейбір мәселелері туралы" 2006 жылғы 5 қыркүйектегі № 1135 қаулысымен бекітілген Беларусь Республикасының аумағында пайдалануға рұқсат етілген өсімдіктер сұрыптары мен будандарының мемлекеттік тізілімі шеңберінде ауыл шаруашылығы өсімдіктері сұрыбының шаруашылық-бағалы және биологиялық қасиеттері кодтарының тізбесі жүргізіледі</p> <p>Қазақстан Республикасында – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің " Қазақстан Республикасында пайдалануға рұқсат етілген селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімін және ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің перспективалы сұрыптарының тізбесін бекіту туралы" 2009 жылғы 30 шілдедегі № 434 бұйрығына сәйкес ауыл шаруашылығы өсімдіктері сұрыптарының белгілерін кодтау тізбесі жүргізіледі</p> <p>Қырғыз Республикасында – Қырғыз Республикасының аумағында пайдалануға рұқсат етілген өсімдіктер сұрыптары мен будандарының мемлекеттік тізілімі шеңберінде ауыл шаруашылығы өсімдіктері сұрыптарының белгілерін кодтау тізбесі жүргізіледі</p> <p>Ресей Федерациясында – Ресей Федерациясының Ауыл шаруашылығы министрлігі бекіткен Пайдалануға рұқсат етілген селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімі аясында ауыл шаруашылығы өсімдіктері сұрыптары белгілерінің тізбесі жүргізіледі</p>
17	Жүйелеу (сыныптау) әдісі	4 – біріктірілген сыныптау әдісі. Каталогта тәуелсіз бөлімдер бар. Бөлімдер шеңберінде объектілерді жүйелеудің реттік әдісі қолданылады

18	Жүргізу әдістемесі	<p>1 – анықтамалықты жүргізудің орталықтандырылған рәсімі.</p> <p>Анықтамалықтың мәндерін қосуды, өзгертуді немесе алып тастауды оператор Еуразиялық экономикалық комиссияның актісіне сәйкес орындайды.</p> <p>Оператор анықтамалықтан өзекті мәліметтерді Еуразиялық экономикалық одақтың нормативтік-анықтамалық ақпаратының бірыңғай жүйесінің ресурстарында орналастыруды қамтамасыз етеді.</p> <p>Анықтамалықтың мән алып тасталған жағдайда жазба алып тасталған күннен бастап жарамсыз деп белгіленеді және анықтамалықтың жазбасын қолданудың аяқталуын регламенттейтін Еуразиялық экономикалық комиссияның актісі туралы мәліметтер көрсетіледі.</p> <p>Анықтамалықтың кодтары бірегей болып табылады, анықтамалықтың кодтарын, оның ішінде жұмыс істемейтіндерін қайта пайдалануға жол берілмейді</p>
19	Құрылымы	анықтамалықтың құрылымы ( анықтамалық жолдарының құрамы, олардың мәндерінің саласы және қалыптастыру қағидалары) туралы ақпарат осы анықтамалықтың III бөлімінде көрсетілген
20	Деректердің құпиялылық дәрежесі	анықтамалықтан алынған мәліметтер ашық қолжетімділік ақпаратына жатады
21	Қайта қараудың белгіленген мерзімділігі	белгіленбеген
22	Өзгерістер	–
23	Анықтамалықтан ( сыныптауыштан) егжей-тегжейлі мәліметтерге сілтеме	( анықтамалықтан егжей-тегжейлі мәліметтер осы анықтамалықтың I бөлімінде келтірілген
24	Анықтамалықтан ( сыныптауыштан) мәліметтерді ұсыну тәсілі	( Еуразиялық экономикалық одақтың ақпараттық порталында жариялау

### III. Анықтамалық құрылымының сипаттамасы

1. Осы бөлім анықтамалықтың құрылымы мен деректемелік құрамын, оның ішінде деректемелер мәндерінің салаларын және оларды қалыптастыру қағидаларын айқындайды.

2. Анықтамалықтың құрылымы мен деректемелік құрамы мынадай жолдар (бағандар) қалыптастырылатын кестеде келтірілген:

"деректеменің атауы" – деректеменің реттік нөмірі және бекітілген немесе ресми сөзбен белгіленуі;

"деректеме мәнінің аясы" – деректеменің мағынасын (семантикасын) түсіндіретін мәтін;

"деректеменің мәнін қалыптастыру қағидалары – деректеменің мақсатын нақтылайтын және оны қалыптастыру (толтыру) қағидаларын айқындайтын мәтін немесе деректеменің ықтимал мәндерін сөзбен сипаттау;

"көп." – деректеменің көптігі (міндеттілік (опционалдығы) және деректеменің ықтимал қайталану саны).

3. Берілетін деректер деректемелерінің көптігін көрсету үшін мынадай белгілер пайдаланылады:

1 – элемент міндетті, қайталауға жол берілмейді;

n – элемент міндетті, n рет қайталануы керек ( $n > 1$ );

1..\* – элемент міндетті, шектеусіз қайталануы мүмкін;

n..\* – элемент міндетті, кемінде n рет қайталануы керек ( $n > 1$ );

n..m – элемент міндетті, кемінде n рет және m реттен көп емес қайталануы керек ( $n > 1, m > n$ );

0..1 – элемент опционалды, қайталауға жол берілмейді;

0..\* – элемент опционалды, шектеусіз қайталануы мүмкін;

0..m – элемент опционалды, m реттен көп қайталанбауы мүмкін ( $m > 1$ ).

Кесте

### Анықтамалықтың құрылымы мен деректемелік құрамы

Деректеменің атауы	Деректеме мәнінің саласы	Деректеме мәнін қалыптастыру қағидалары	Көп.
1. Анықтамалықтың бөлімі туралы мәліметтер	салынған деректемелер мәндерінің салаларымен анықталады	салынған деректемелерді қалыптастыру қағидаларымен анықталады	1..*
1.1. Анықтамалық бөлімінің коды	шаблонға сәйкес символдар жолы: [A-Z]	анықтамалық бөлімнің кодтық белгілеуін қамтиды	1
1.2. Анықтамалық бөлімінің атауы	символдар жолы. Ең аз ұзынд.: 1. Ең үлкен ұзынд.: 255	орыс тіліндегі мәтін түрінде қалыптасады	1

1.3. Ауыл шаруашылығы өсімдіктері сұрыбының белгілері туралы мәліметтер	салынған деректемелер мәндерінің салаларымен анықталады	салынған деректемелерді қалыптастыру қағидаларында анықталады	1..*
1.3.1. Белгінің коды	шаблонға сәйкес символдар жолы: [0-9]{2}	ауыл шаруашылығы өсімдіктері сұрыбы белгісінің коды	1
1.3.2. Белгінің атауы	символдар жолы. Ең аз ұзынд.: 1. Ең үлкен ұзынд.: 500	ауыл шаруашылығы өсімдіктері сұрыбы белгісі кодының атауы	1
1.4. Анықтамалық жазбасы туралы мәліметтер	салынған деректемелер мәндерінің салаларымен анықталады	салынған деректемелерді қалыптастыру қағидаларында анықталады	1
1.4.1. Қолдануды бастау күні	МемСТ ИСО 8601–2001 сәйкес күннің белгіленімі	Еуразиялық экономикалық одақ органының актісінде көрсетілген қолдануды бастау күніне сәйкес келеді	1
1.4.2. Қолданудың басталуын регламенттейтін акт туралы мәліметтер	салынған деректемелер мәндерінің салаларымен анықталады	салынған деректемелерді қалыптастыру қағидаларында анықталады	1
1.4.2.1. Актінің түрі	қалыпқа келтірілген символдар жолы. Шаблон: \d{5}	халықаралық құқықтың нормативтік құқықтық актілері түрлерінің сыныптауышына сәйкес кодтық белгіленімі	1
1.4.2.2. Актінің нөмірі	символдар жолы. Ең аз ұзынд.: 1. Ең үлкен ұзынд.: 50	Еуразиялық экономикалық одақ органы актісінің нөміріне сәйкес келеді	1
1.4.2.3. Актінің күні	МемСТ ИСО 8601–2001 сәйкес күннің белгіленімі	Еуразиялық экономикалық одақ органы актісінің қабылданған күніне сәйкес келеді	1
1.4.3. Қолданудың аяқталу күні	МемСТ ИСО 8601–2001 сәйкес күннің белгіленімі	Еуразиялық экономикалық одақ органының актісінде көрсетілген қолдануды аяқтау күніне сәйкес келеді	0..1
1.4.4. Қолданудың аяқталуын регламенттейтін акт туралы мәліметтер	салынған деректемелер мәндерінің салаларымен анықталады	салынған деректемелерді қалыптастыру қағидаларында анықталады	0..1
1.4.4.1. Актінің түрі		халықаралық құқықтың нормативтік құқықтық актілері түрлерінің	1

	қалыпқа келтірілген символдар жолы. Шаблон: \d{5}	сыныптауышына сәйкес кодтық белгіленімі	
1.4.4.2. Актінің нөмірі	символдар жолы. Ең аз ұзынд.: 1. Ең үлкен ұзынд.: 50	Еуразиялық экономикалық одақ органы актісінің нөміріне сәйкес келеді	1
1.4.4.3. Актінің күні	МемСТ ИСО 8601–2001 сәйкес күннің белгіленімі	Еуразиялық экономикалық одақ органы актісінің қабылданған күніне сәйкес келеді	1

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК